ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 2(22) сәуір-маусым 2020*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

**Джолдыбаева У.М.[1], Қозыбақова Ф.А.[2]**

[1]т.ғ.к., доцент
[2]т.ғ.к., доцент. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Алматы қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақала Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерімен ықпалдастық пен ынтымақтастықта экологиялық проблемаларды анықтап, оларды шешуге қажетті іс-шараларды белгілеп, орындауға бағытталған әрекеттерді бірлесіп жүзеге асыруы мәселелеріне арналған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары құрылған Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің ынтымақтастығы айрықша маңызға ие болуда. Жаһандану үрдістері адамзат қоғамының біртұтас жүйе ретінде қалыптасуын бейнелейтін өзара байланыстар мен өзара әрекеттестікті білдіреді және бұл құбылыс қарқындылығын жоймай дамып келеді. Өңірдегі елдер үшін өзекті мәселелерді шешуде әлемдік саясатта өз орнын тауып, өзара ықпалдастығын күшейте түсу қажеттілігі туындап отыр.
**Түйін сөздер:** экологиялық қауіпсіздік., ынтымақтастық, экология, Қазақстан Республикасы, Орталық Азия мемлекеттері, халықаралық ұйым, жаһандану

**Джолдыбаева У.М.[1], Козыбакова Ф.А.[2]**

## ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

[1]Кандидат исторических наук, доцент. Казахский национальный университ им. аль-Фараби. г. Алматы, Казахстан
[2]Кандидат исторических наук, доцент. Казахский национальный университ им. аль-Фараби. г. Алматы, Казахстан

**Аннотация.** *Введение.* В данной статье рассматриваются вопросы регионального сотрудничества Казахстана со странами Центральной Азии в сфере обеспечения экологической безопасности. Создание международных организаций необходимо для более тесного сотрудничества, так как в современном мире наблюдается влияние внутренних и внешних факторов на состояние безопасности региона. Рассматривается функция и роль международных организаций как Совет по взаимодействию и мерам доверия в Азии.

В условиях глобализации и интеграции страны Центральной Азии осознают необходимость создания единой экологической политики региона, общего плана развития, и эффективные механизмы его реализаии.
**Ключевые слова:** Республика Казахстан, страны Центральной Азии, государство, международные организации, глобализация, экология, сотрудничество, экологическая безопасность.

# ENVIRONMENTAL COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA COUNTRIES IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

**Dzholdybaeva U.M.[1], Kozybakova F.A.[2]**

[1]Candidate of Historical Sciences,Ass. Prof., al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan
[2]Candidate of Historical Sciences, Ass. Prof., al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** *Introduction.* This article deals with the matters of the international cooperation of the Republic of Kazakhstan and the states of Central Asia. Since it is currently impossible to stand alone against the global challenges of time, the Central Asian states have expressed the desire for sustainability, stability and security in the region, which requires the joint efforts of the countries concerned. In this article the problem of ecological cooperation of the Republic of Kazakhstan with Central Asian states is researched.The article considers the issue of solving global ecological problems in Republic of Kazakhstan. The article examines the role of international cooperation in the system one of the most basic structures in the Asian region, as well as the participation of Kazakhstan and the Central Asian statesin the organization.
**Keywords:** Republic of Kazakhstan, the countries of Central Asia, state, international organizations, globalization, ecology, cooperation, environmental safety.

**Кіріспе**

Бүгінде бүкіл адамзатқа жаһандық экологиялық апат қаупінің төнуіне байланысты қоғамда экология проблемалары ең өзекті мәселеге айналуда. Қауіпті экологиялық құбылыстар әлемдік әрі ұлттық деңгейдегі ұдайы өсу құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық дамуға кері әсерін тигізіп отырғандықтан, экологиялық мәселелер жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтар тұрғысынан қарауды талап етеді. Әлемнің орнықты дамуына кедергі келтіріп отырған қиындықтарды шешудің маңызы да артуда.

Рио-де-Жанейрода (Бразилия) 1992 жылы өткен жаһандық экологиялық форумда БҰҰ құрамындағы елдер «XXI ғасырдың орнықты дамуы жөніндегі Күн тәртібін» қабылдаған болатын. Халықаралық қатынастар жаһандану мен өңірлік ықпалдастыққа негізделіп, бүкіл дүние жүзі аймақтық және жаһандық блоктар жиынтығына айналуда. Сондай-ақ, планетамыздағы халық санының өсуі, әлеуметтік өмірдің күрделеніп, түрлі әлеуметтік жүйелердің бір-біріне қарсы тұруы, табиғи ортаға жасалған техногендік әсерлер жаһандық проблемаларды туындатуда. Ықпалдастық үрдістердің дамуы жаһандануды да қарқындата түсті. Еліміздің 2030 жылға дейін даму стратегиясы мен ұзақ мерзімді басымдықтардың ішінде Қазақстанның орталық-азиялық мемлекеттермен бірлесе атқаратын іс-қимылдарына баса назар аударылған. Бұл орайда Н.Ә. Назарбаев: «2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін. Ол өзінің талпыныс-ұмтылыстарында, жеңістері мен сәтсіздіктерінде бір ананың сүтін тел емген өзінің бауырлары – Өзбек, Қырғыз және басқа да Орталық Азия барыстарымен дәйім бірлікте болып, олардың өрлеуі мен жетістіктерін мақтаныш тұтатын болады», - деп мемлекеттердің достық қарым-қатынастары мен ықпалдастығына зор үміт артты (Назарбаев, 1997: 3).

**Әдістері**

Зерттеу тақырыбы кешенді сипатта: тарих, экология, қоршаған ортаны қорғау т.б. ғылым салаларын қамтиды. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау, аймақтағы мемлекеттердің экология саласындағы ытымақтастығы мен ықпалдастығы, экология саласындағы мемлекеттік

құжаттар жөніндегі түсініктер жиынтығын құратын тарих пен халықаралық қатынастар, халықаралық құқық ғылым салаларының өзара сабақтастығын да көрсетеді. Зерттеу жұмысын ғылыми негізде жүйелеп, оның нәтижесін шығару мен негізгі мақсаттарға қол жеткізудебақылау, талдау, жинақтау, тарихи-салыстырмалы және болжау сияқтыжалпы ғылыми таным әдістері кеңінен қолданылды. Зерттеуде тарихи оқиғаларды, мемлекеттердің экология саласындағы дербес саясаттарын және мемлекетаралық құжаттарды қарастыруда баяндаумен қатар жүйелі талдау, салыстыру және қорытындылау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер Орталық Азия республикаларының экологиялық саясаттағы орнын жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді.

Орталық Азия мемлекеттерінің экология саласындағы ынтымақтастығы дамуындағы күрделі әрі қайшылықты тарихи құбылыстар мен деректерді әр қырынан жан-жақты қарастырып, тарихи тұрғыдан зерттеуге тарихи ұстаным және объективтілік принциптері негіз болды. Аймақтағы халықаралық қатынастарды логикалық, статистикалық зерттеу, абстрактылық және нақтылық, сыни талдау әдістеріне сүйене отырып, диалектикалық даму принциптері тұрғысынан зерделеу жолымен Орталық Азия елдерінің дербес дамуындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары және экологиялық проблемаларды шешудегі ынтымақтастығының даму үрдістері ашып көрсетілді.

**Талқылау**

Зерттеуде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы мен жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларын және экология саласындағы мемлекетаралық байланыстардың әртүрлі салалары баяндалып, оларға талдау жасалған. Қазақстан, Ресей және Орталық Азия эколог, саясатшы, тарихшы ғалымдарының зерттеулері мен монографиялары құрайды. Тангян С.А. Олардың ішінде қырғыз зерттеушісі Ж. Сааданбековтың, өзбек ғалымдары В.А. Духовный мен П.Д. Умаровтың, қазақ зерттеушілері А. Тұрсынов, Ж. Достай, Р. Жанғазы еңбектерін атап өтуге болады.

Сондай-ақ, отандық және шетелдік мерзімді басылымдарда жарияланған ақпарат мәліметтері құрайды. Атап айтқанда, республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Жас Алаш», «Түркістан», «Деловая неделя», «Панорама», «Экологический вестник» газеттері және «Дипломатия жаршысы», «Ақиқат», «Саясат», «Казахстан-Спектр», «Центральная Азия и Кавказ», «Казахстан: экономика и жизнь», «Казахстан и современный мир», «Аналитическое обозрение», «Континент» журналдары, Ресейдің «Мировая экономика и международные отношения» журналдары пайдаланылды. Орталық-азиялық басылымдардың қатарында өзбекстандық «Армон» орталығының «Экологиялық қауіпсіздік және азаматтық бастамалар» атты бюллетені, Тәжікстан және Қырғыз Республикаларының мемлекеттік мерзімді басылымдары мен «Экология хабаршысы» журналдары зерттеу жұмысында ерекше орын алды.

**Нәтижелері**

Қазіргі кезеңдегі қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық даму шеңберінде экология проблемалары маңызды да өзекті мәселеге айналды, себебі жаңа мыңжылдыққа қадам басқан адамзат жаһандық экологиялық апатқа қарай жылжып барады. Экологиялық мәселелердің ерекшелігі олардың жалпы адамзаттық мүдделер мен құндылықтар арқылы қарастыруды талап етеді әрі әлемдік және ұлттық деңгейдегі ұдайы өсу құрылымына және әлеуметтік-экономикалық даму процестеріне зор ықпал етеді. Орнықты дамудың стратегиялық мақсаттарын белгілеудің теориялық көздері экономикалық даму мен әлеуметтік міндеттерді есепке алуға негізделеді. Бұл мәселелер қоршаған ортаның жай-күйіне тығыз байланысты. Соңғы онжылдықта Орталық Азияның шөлді аймақтарынан халықтың үдере көшуі орын алуда. Адамның тіршілік ету жағдайлары мен медициналық қызмет деңгейінің төмендігі, зиянды өнімдерді пайдалану, су мен

топырақтың ластануы, қауіпті атмосфералық құбылыстардың әсері халық денсаулығының нашарлауына, өмір ұзақтығының қысқаруына, халық саны өсімінің төмендеуіне әкеліп соқты, ал бұл факторлар әлеуметтік-демографиялық және саяси-экономикалық тұрақсыздықтың алғашқы белгілері болып табылады. Алайда экологиялық мәселелердің шешімін табуға әлі де жеткілікті назар аударылмай келеді. Сондай-ақ, аймақ мемлекеттерін экономикалық дамыту, саяси біріктіру жөніндегі стратегиялық жоспарлар әзірлеуде экологиялық қауіпсіздікті ескерудің маңызы зор. Аталған әлеуметтік-табиғи мәселе «қоғам – табиғат» жүйесіндегі өзара қатынастарды біріге жүзеге асыру қажеттілігін туындатқан айрықша әлеуметтік-саяси проблемаға айналды. Қоршаған ортаны қорғау адамның табиғатпен қарым-қатынас жасау барысында табиғи қорды ұтымды пайдалану мен молықтыруды, табиғи ортаны барынша сауықтырып, сапасын жақсартуды көздейді.

Алайда адам қызметінің қоршаған ортаға шектен тыс әсерінен жер биосферасы мен оның құрамдас бөлшектерінің, яғни әр деңгейдегі экожүйелердің дұрыс қызмет ету және қайта жаңғыру мүмкіндіктері шектелуде. Табиғи апаттардың орын алуы бізге беймәлім күрделі табиғи процестердің нәтижесімен бірге адамдардың қоршаған ортаға техногендік ықпал жасауымен ұштасып отырады. Экологиялық қауіп төндіріп отырған проблемаларға: ауа, су, топырақтың химиялық және радиоактивті ластануы, биологиялық әралуандылықтың жойылуы, жердің шөлейттенуі мен тозуы, табиғи қордың жойылуы, жерасты суларының көтерілуі, жаһандық жылыну, озон қабатының жұқаруы, климаттың өзгеруі т.с.с. мәселелер жатады. Бұл мәселе дүние жүзі ғалымдарының талқысына салынуда әрі оларды шешудің жолдары мен амалдары жан-жақты іздестірілуде.

Экологиялық қауіпсіздікті ұтымды деңгейге жеткізуде ҚР Тұңғыш Президенті 2003 жылғы 3 желтоқсанда мақұлдаған «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы» негізгі құжат болып белгіленген. Құжатта ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік «орнықты дамудың міндетті шарты... және табиғи жүйелерді сақтаудың және қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі», - деп көрсетілген.Бұл проблемалар шекараралық және жаһандық сипатта көрініс тапқандықтан жеке мемлекеттер өзара әрекеттестікте бүкіл халықаралық қоғамдастықпен бірлесе күш жұмсап жүзеге асыруды көздейді. Халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықтың негізгі қағидасы – жеке адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау екені мәлім. Әлемдік өркениет қарыштап дамыған сайын адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасы мемлекеттердегі заңнамалармен, қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардың қатысуымен қатар түрлі деңгейдегі мемлекетаралық құжаттармен реттеледі.

Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттер мүдделерінің түпкілікті мәні – халыққа төнуі мүмкін сыртқы қауіптердің алдын алу және мемлекеттілігін сақтау болып табылады. Жаңа геоэкономикалық жағдайда Орталық Азия республикалары бір-бірімен тығыз байланыста өзара әрекеттестік орнату арқылы ғана тәуелсіздігін сақтайтыны күмәнсіз. Аймақ мемлекеттері бірігуінің алғышарттарына: мәдени-тарихи және діни тамырларының ортақтығы, экологиялық мәселелер мен сыртқы қауіптерге қарсы бірігіп күш-қимыл жасау факторлар жиынтығы жатады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауындағы дамуға қатысты бірқатар міндеттерінің ішінде: «Оныншы міндет – жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерілету. Бүгін біз басқа елдермен көкейкесті проблемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақтасып отырмыз. Бұл... экологиялық апаттарға қарсы күрес те. Біз алдағы уақытта да өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретіндегі өзіміздің рөліміз бен беделімізді нығайта беретін боламыз...» – деп, бұл мәселеге баса назар аударған болатын (Назарбаев, 2007: http://www.akorda.kz).

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары құрылған Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің ынтымақтастығы айрықша маңызға ие болуда. Өңірдегі елдер үшін өзекті мәселелерді шешуде әлемдік саясатта өз орнын тауып, өзара ықпалдастығын күшейте түсу қажеттілігі туындап отыр. Жаһандану үрдістері адамзат қоғамының біртұтас жүйе ретінде қалыптасуын бейнелейтін өзара байланыстар мен өзара әрекеттестікті білдіреді және XX ғасырда туындаған бұл құбылыс XXI ғасырда қарқындылығын жоймай дамып келеді. Өткен ғасырдағы ірі саяси-экономикалық оқиғалар, атап айтқанда: дүниежүзілік отарлық жүйенің күйреуі, КСРО-ның ыдырауы әрі ғылыми-техникалық прогресс ықпалдастық үрдістерін жеделдетіп, күшейте түсті. Халықаралық ауқымдағы ұлттық мүдделерімізді нұқсансыз қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық даму бағытында тиісті табыстарға қол жеткізуге тиіспіз. Біздің мүдделеріміздің түпкілікті мәні – халыққа төнуі мүмкін қандай да болсын сыртқы қауіптердің алдын алып, мемлекеттілігімізді сақтап қалу, себебі бұл болашақ үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда Орталық Азия мемлекеттері Арал теңізі алабы жөніндегі бағдарламаны бекітіп жүзеге асыруда. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар да өз жұмыс бағыттарын белгілеп өңір мемлекеттеріне арналған су, жер және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы бірлескен бағдарламаларды іске асыруды жалғастыруда. Осы ауқымды мәселелер әртүрлі ведомстволар тарапынан іске асырылып, донорлар басымдылықтары көрініс тапқан. Сондықтан, Орталық Азия үшін әр секторлар мен халықаралық ұйымдардың қызметін реттеу мәселесі маңызды болып отыр. Орталық Азия елдері басшыларының БҰҰ-на донор қызметін реттеуші халықаралық механизмін құру туралы өтініші бұл міндеттің маңыздылығын айқындайды. Аталған мақсаттарға жетуде Орнықты даму бағдарламалары да өз септігін тигізіп отыр. Олардың принциптері мен мақсаттары туралы сауатты ақпарат беру шарты орындалған жағдайда халық орнықты дамуды іске асыру саясатын қолдайды. Орнықты даму бағдарламаларына оң бағыт беретін қажетті тетік – халықтың ауқатты өмір сүруге ұмтылысы болып табылады. Қазақстан қашан да оңтүстік аумақтарымен шекаралас орналасқан Орталық Азия елдерінде түпкілікті саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсаруына барынша мүдделі. Аймақтағы көршілес мемлекеттерді біртұтас механизм ретінде алсақ, біздің ел нарықтық кеңістіктің бел ортасында тұрады. Өңірдегі көршілес елдермен сауда-экономикалық қарым-қатынастардың нығая түсуі саяси тұрақтылық пен аймақтағы ортақ қауіпсіздіктің кепілі болуда. Мемлекетіміздің жыл өткен сайын артып отырған экономикалық және саяси мүмкіндіктері аймақтағы интеграциялық үдерістерде барынша белсенді рөл атқаруымызға игі ықпал етері сөзсіз.

Бүкіл дүние жүзіндегі мемлекеттерінің ықпалдасуға бағыт алуы мен әлемдік экономиканың біртұтастыққа ұмтылысы Орталық Азия елдері үшін де айрықша маңызды мәселе болып табылады. Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтері мемлекетаралық қарым-қатынастардың сан ғасырлық тәжірибесінде айрықша мәнге ие болған Мемлекетаралық Координациялық Су комитетін құру туралы тарихи шешім қабылдады. Мемлекеттер арасында Арал теңізі алабында орналасқан әр республиканың мүддесін есепке ала отырып су ресурстарын бірлесе басқарудың негізгі басқару принциптері әзірленіп, Каспий теңізі жөніндегі экологиялық конвенцияны ратификациялау жұмысы жүргізілуде.

Аймақтағы елдер қазіргі кезеңдегі өркениеттік дамуға бет бұра отырып, әлемдік экономиканың жаһандануы мен ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің кеңеюі тұсында ұлттық экономиканы мемлекеттен ажыратуға бағыт алып қарсылықтарға қарсы күрестегі мүдделер ортақтығын сезінді. «Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы» ұйымын құру бастамасын көтерген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына кезекті, 2006 жылғы Жолдауының жетінші басымдығында еліміздің экономикалық, саяси-мәдени жағдайларын кеңінен талдай отырып, Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосуда көршілес Орталық Азия елдерімен халықаралық ынтымақтастық пен серіктестік құрудың зор маңызына

баса назар аударып, «Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру» қажет деп атап көрсетті (Назарбаев, 2006: 9).

Кеңістігі азиялық та, еуропалық та құрлықты қамтитын, құрамына бүкіл әлемдегі елдердің бірқатары енген Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер де мүше. Дүниежүзілік қауіпсіздік мәселелері негізінде құрылған ШЫҰ экономикалық бағытта айтарлықтай алға жылжып, халықаралық қатынастарда үлкен беделге ие болып отырған әмбебап ұйым. Орталық Азия аймағының аса бай табиғи қорлары мен ауқымды рыногы Ұйымның жедел дамуына игі ықпалын тигізері сөзсіз. ШЫҰ аясында 2003 жылы қабылданған көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы және оны іске асыру жоспарында ең алдымен тауарлар мен капиталдың, қызмет көрсету мен технологиялардың еркін қозғалысына әсер ететін 11 сала бойынша 127 жоба жүзеге асырылған. Соның ішінде Қазақстан өзге тараптарға: энергетика, көлік, телекоммуникация және агроөнеркәсіп кешендеріне қатысты 20-ға жуық жоба ұсынды. Сонымен қатар аймақтағы мемлекет басшылары 2006 жылы маусым айында Қытай Халық Республикасында (Шанхай қ.) Шанхай Ынтымактастық Ұйымының кеңейтілген құрамда болған алтыншы мәжілісіне қатысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаев ШЫҰ аясында экономикалық қарым-қатынас ерекше пайдалы әрі қажеттігін, күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпалдылығын, Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты да қамтамасыз ететінін атап өтіп табиғи ресурстарға және мол адами әлеуетке ие біздің өңір жаһандық экономикалық үдерістердің және әлемдік геосаясаттың ажырамас бөлігі екендігіне баса назар аударды. Алайда, әрбір елдің осы үрдісте алған орны экономикалық, әскери және ғылыми-техникалық ықпалы деңгейімен айқындалатындықтан, олардың жаһанданудағы басымдықтары да әртүрлі болды (Тангян, 2002: 101-109).

Қазіргі әлемнің құрылымдық бөлінуі барысында өркениеттердің өзара әрекеттестігіне қарағанда бір өркениеттің екіншісіне қаржы-экономикалық, нарықтық, әскери механизмдер және технотрондық құралдармен ықпал жасауы көрініс табуда. Әлем болмысының болашағын айқындауда дүние жүзінің барлық мемлекеттері арасындағы өзара ынтымақтастық пен ұдайы ықпалдастықтың орны да айрықша. Сондықтан да әлемдік шаруашылықтан тыс қалмау мақсатында Орталық Азия мемлекеттері жаңа геосаяси және экономикалық жағдайдағы өз мүмкіндіктерін барынша объективті түрде бағалап, жалпы дамудағы өз резервтеріне көңіл бөлуде. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен құрған ынтымақтастығы да мол нәтиже беруде. Қазіргі халықаралық қатынастар жалпы жаһандану және өңірлік интеграцияға негізделіп отыр. Серпінді даму негізінде халықаралық қоғамдастықта сенімді әріптес ретінде қабылданып, айтарлықтай беделге ие болып отырған және ТМД елдері арасындағы интеграциялық үдерістердің дамуында көшбасшы рөлін атқарып отырған Қазақстан үшін де көршілес елдермен бірігу маңызды мәселе болып табылады.

Бүгінгі таңда географиялық және демографиялық ресурстарға бай бұл аймақ геосаяси басымдықтарға ие болып отыр, себебі бұл өңір Еуразияның ең басты геосаяси орталықтарымен шекаралас. Аумақтық кеңістікте ғана емес, тілі мен ділі де ортақ, қарым-қатынастары да ежелден үзілмеген ортаазиялық тәуелсіз мемлекеттердің бірлесе шешетін мәселелер шеңбері де ауқымды. Оған: қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын пайдалану, тауар айналымы, шекара, мәдениет, кедендік одақ, бірыңғай көлік, энергетикалық және ақпараттық жүйелерді қалыптастыру т.б. мәселелерді жатады. Еуропа мен Азияның арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастың көпірі қызметін атқаратын мемлекетіміз бұл аймақтың экологиялық жүйесінде де маңызды рөл атқарады. Қазақстан аумағының кеңдігі, климаты, су жүйесі – бүкіл Еуразияның экономикалық-әлеуметтік жағдайының тұрақтылығына әсер етеді. Қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық реформалар нәтижесінде республика жедел қарқынмен дамып келеді.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде ҚР Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы № 3834 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шаралары туралы» Жарлығымен бекітілген ҚР Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған «Экология және табиғи ресурстар» стратегиялық жоспарын іске асыру бағдарламасы бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды.

Бағдарламаны жүзеге асыруда кезекті міндет – қоршаған ортаны қорғауды басқарудың серпінді жүйесін құру болды. Бұл орайда, министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың республиканы дамыту және оған техникалық жәрдем беруге бағытталған іс-әрекеттерді біріктіру мен оны тиімді қадағалау мақсатында Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өзге де мекемелер мен ұйымдармен ықпалдаса қызмет атқаруы көзделген болатын.

Қазіргі кезде белең алып отырған ұйымдасқан қылмыс, лаңкестік, экологиялық апаттар, жаппай көші-қон, есірткі тасымалдау сияқты күрделі де көлемді проблемаларды бақылап, қадағалап отыруда және шешуде жекелеген мемлекеттерге қарағанда халықаралық ұйымдар, трансұлттық компаниялар, аймақтық бірлестіктер сияқты ауқымды құрылымдардың мүмкіндігі мол. «Әлемдік саясат тұрғысынан жаһандану және ықпалдасу үрдістері елдер мен аймақтардың жан-жақты жақындасуын, мемлекеттердің өзара тәуелділігін арттырады. Жалпы алғанда, жаһандану мен мемлекеттердің ұлттық мүдделері қалыптасып жатқан әлемдік тәртіптің бір-біріне қарсы емес, керісінше, бір-бірін толықтырып отыратын элементтері болып табылады. Қазір қалыптасып жатқан жаһандық жүйе ұлттық мүдделерге сай келмей, мемлекеттердің өзара әрекеттестігінен тыс құрылған жағдайда өміршең болмауы мүмкін. Бірлесе іс-қимыл жасап, аумақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын тұрақтандыру мақсатында: кедендік одақ, бірыңғай көлік, энергетикалық және ақпараттық жүйелерді қалыптастыру арқылы Шығыс пен Батыс арасындағы байланысты нығайтудағы рөлін арттырумен қатар аймақтық және жаһандық сипатқа ие болып отырған су қорын ұтымды пайдалану, биологиялық әралуандылықты сақтау, озон қабаты жұқаруының, шөлейттенудің салдарларын жойып, алдын алу және басқа да өзекті мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттердің өзара серіктестік пен ықпалдастық жағдайында тығыз байланыс құруының маңызы зор.

Жаһандану процесін экономика мамандары мен қаржыгерлер дүниежүзілік нарық пен әлемдік экономиканың, біртұтас қаржы-экономикалық кеңістіктің қалыптасуы деп, ал саясаттанушылар мен саясаткерлер оны ұлттық шекараларды қалыптастыру деп түсінеді. Демографтарды әлем халқы санының өсуі проблемасы толғандырса, экологтарды экологиялық дағдарыстарды болдырмау мәселесі алаңдатады. Осы аталған мәселелерді ескеретін болсақ, жаһандану – бүкіл әлемді біртұтас жүйеге айналдыратын, жалпы өркениеттің келешек дамуын айқындаушы жан-жақты әрі көпқырлы процесс деп білеміз. «Жаһандану – халықаралық қатынастардағы қоғамдық өмір мен іс-әрекеттердің әр түрлі салаларындағы өзара тәуелділік пен өзара әсер етудің нығаюы», – деген көзқарас халықаралық қатынастар саласында кеңінен қолданылады Жалпы алғанда, «аймақ» ұғымының екі белгісі бар: біріншісі – халықаралық қатынастардың бөлектенуі (яғни белгілі бір мәселелер шеңберінің орын алуы) екіншісі – сол қатынастардың белгілі бір географиялық аумақ шеңберімен шектелуі. Ұлан-ғайыр аумағы, энергия көздері және өзге де стратегиялық белгілері бар Орталық Азия аймағының аса бай табиғи қоры, қуатты ауылшаруашылық әлеуеті бұл өңірдің әлемдік геосаясаттағы рөлінің ерекшелігін айқындайды. Демек, кең түсінікте аймақ дегеніміз – географиялық, табиғи, экономикалық, әлеуметтік-тарихи және ұлттық-мәдени жағдайлардың өзіндік біркелкілігінен көрініс табатын құбылыстардың болуы, олардың қарқындылығы, көптүрлілігі және өзара байланыстылығы белгілерімен ерекшеленетін күрделі аумақтық-экономикалық және ұлттық-мәдени кешен болып табылатын белгілі бір аумақ деген анықтамамен келісуге болады Жер планетасындағы

ықпалдастық үрдістерін қамтитын және әлеуметтік-мәдени құрылымдар мен институттарды біртұтас жүйеге айналдыратын интернационализацияның ең жоғарғы дәрежесі болып табылады. Тілі мен ділі ғана емес, аумақтық кеңістігі де ортақ, қарым-қатынастары баяғы заманнан үзілмей келе жатқан бұл елдердің бірлесіп отырып шешетін мәселелер шеңбері ауқымды болғандықтан, олардың бүгінгі таңда саяси-экономикалық тұрғыда өзара ықпалдасып дамуы, мәдени-тарихи құндылықтарын ортақ игілікке айналдыру қажеттілігінің маңызы арта түсуде. (Энциклопедический словарь, 1995: 7).

2006 жылы 17-маусымда Алматы қаласында 9 мемлекет басшылары мен премьер-министрлері, Үкімет мүшелері және БҰҰ Бас хатшысы орынбасарының қатысуымен АӨСШК-нің Екінші саммиті өткізілген болатын. Саммит ашылуында сөз сөйлеген мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев: «Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес дүние жүзіндегі шешуші факторлардың біріне» айналғандығын атап өтті (Назарбаев, 2006: http://www.akorda.kz).

Орталық Азия мемлекеттері арасында туындап отырған проблемалар олардың стратегиялық мүдделеріне нұқсан келтірмей, келіссөздер жолымен ымыралық негізде шешілуде және олардың ұмтылыс-ұстанымдары халықаралық құқықтың жалпыға бірдей мойындалған нормаларымен үндес болуда. Атап айтқанда, 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болып кірген Қазақстан осы Ұйым аясында қабылданған адам құқықтары, халықаралық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, есірткіге бақылау жасау т.б. жөніндегі халықаралық конвенциялардың көпшілігіне қосылып, өз ұстанымын ашық білдіріп, ұсыныстарын алға тартып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру туралы ұсыныс жасаған болатын. БҰҰ-мен қатар көптеген өзге елдер тарапынан қолдау тапқан бұл бастама 2002 жылы іске асырылып, Алматы қаласында он алты ел мүше болған АӨСШК алғашқы саммиті өткізілген болатын. Онда әлемнің аса ірі мемлекеттерінің өкілдері дүниежүзілік қоғамдастыққа ортақ өзекті мәселелерді талқыға салып, Алматы актісін және АӨСШК-нің лаңкестікті жойып, өркениеттер арасындағы үнқатысуға жәрдемдесу туралы декларациясын қабылдады. Өткізілген саммит барысында Алматы қаласында АӨСШК Хатшылығы ашылды. Сонымен қатар АӨСШК Екінші Саммитінің декларациясы қабылданып, онда Азиядағы, тұтас алғанда әлемдегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші проблемалары көрініс тапты. Осы аталған шаралар Орта Азиялық республикалардың сыртқы саясатын жүргізуде елеулі маңызға ие, оларға өкілдері қатысқан елдерді «бір мақсат біріктіреді, ол – Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау» Қазақстан АӨСШК төрағасы болып тағайындалуы, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолында бар мүмкіндіктерді әрі қарай да жүзеге асыра беру ұстанымы барынша айқындалып, әлем қоғамдастығының қолдауына ие болып отыр. Еуразия құрлығының ортасында орналасқан Орталық Азия мемлекеттерінің бір-біріне жақындығы мен ортақ шекаралары, көліктік және тағы басқа да коммуникациялық байланыстарының тығыздығы, табиғи минерал-шикізатті, отын-энергетикалық, жер-су қоры мен адам-еңбек әлеуетінің молдығы сияқты ортақ белгілері әрі бұл елдерді толғандырып отырған сыртқы және ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелер мен міндеттерінің ұқсастығы осы салалардағы проблемаларды бірлесе шешу мақсатында ынтымақтастық құру мен ықпалдасу үрдісін тереңдетуді талап етіп отыр. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап мәңгілік достық қарым-қатынас туралы келісім-шарттар жасасқан Орталық Азия мемлекеттері орналасқан аймақ бүгінде геосаяси артықшылықтарға ие болып отыр, себебі географиялық және демографиялық қорға бай. Сондай-ақ, өңірдің геосаяси маңыздылығы оның Еуразияның ең басты геосаяси орталықтарымен шекараластығымен де айқындалады. Шығысында Қытай Халық Республикасы және Азия-Тынық мұхит аймағы елдерімен, оңтүстігінде Ауғанстанмен және бірқатар ислам мемлекеттерімен, батысы және солтүстігінде Ресей, Түркия және Кавказ елдерімен шекаралас бұл өңір республикаларының

саяси-экономикалық болашағының жарқын болуының бірден-бір шарты – ықпалдаса әрекет етуі. қарым-қатынастары тарихы ғасырлар тереңінде жатқан ортақ кеңістікте орналасқан Орталық Азия республикалары тәуелсіздік алған кезден әлемдік жаһандану процесіне белсенді түрде қатысып, халықаралық және аймақтық деңгейде өздеріне бірқатар міндеттемелерді жүктеуде. Жалпы алғанда, 60 млн-нан астам халқы бар бұл елдерді көршілес орналасқан аумақтары ғана емес, ортақ тарихы да, яғни бағзы заманнан келе жатқан экономикалық-саяси, мәдени-адами қарым-қатынастары байланыстыратындықтан, осы өңірдегі мемлекеттердің ықпалдасуы – заңды құбылыс. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев атап көрсеткендей, «континенталдық ықпалдастық – дүниежүзілік ықпалдасуға апаратын жол, өзара тәуелді ықпалдасу адамзатқа әлемдік және аймақтық даму мәселелерін шешуге көмектеседі» (Тоқаев, 2006).

2002 жылы Алматы қаласында алғаш құрылған «Орталық Азия ынтымақтастығы (ОАЫ)» ұйымына: Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы мүше болған, ал кейіннен, яғни 2004 жылдан бастап Ресей Федерациясы да кірді. Бұл ұйымның мақсат-міндеттерінің шеңбері едәуір ауқымды. Олар саяси-экономикалық қана емес, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық мәселелерді, сонымен қатар қауіпсіздік пен тұрақтылық және табиғатты қорғау мәселелерін қамтиды. Халықаралық ауқымдағы ұлттық мүдделерімізді нұқсансыз қамтамасыз ету үшін, біз әлеуметтік-экономикалық даму бағытында тиісті табыстарға қол жеткізуге тиіспіз. Біздің мүдделеріміздің түпкілікті мәні – халыққа төнуі мүмкін қандай да болсын сыртқы қауіптердің алдын алып, мемлекеттілігімізді сақтап қалу, себебі бұл болашақ үшін маңызы зор мәселелердің бірі. Қазақстанның АӨСШК Төрағасы ретінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы мүмкіндіктері барынша айқындалып, әлем қоғамдастығының қолдауын тауып отырғаны қуантарлық жағдай. Елбасының және Үкімет басшыларының көршілес елдер басшыларымен дипломатиялық қарым-қатынастарды нығайту жолындағы жүзеге асырып отырған бірқатар кездесулері, жасаған келісім-шарттары, БҰҰ, ЮНЕСКО және тағы басқа халықаралық ұйымдар аясындағы өткізген әр түрлі келіссөздері мен іс-шараларымен бірге 2010 жылы Астана қаласында өткізілген ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету шеңберінде өткізілген ЕҚЫҰ мүше елдердің Саммиті де жаһандану мен ықпалдасу үрдісіндегі қомақты іс-шара болғанын атап өткен жөн.

Бұл орайда, Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткен Еуропа мен Азияның ықпалдасуына қатысты айырмашылықтарға назар аударсақ: «Көп ретте өңірдің ерекшеліктерін түсінбестен, бізді Шығыс Еуропамен салыстырып жатады және бұдан алысты көздейтін тұжырымдар жасайды. Алайда Шығыс Еуропа мүлдем басқа мәдени, экономикалық және геосаяси ортада дамыды. Шығыс Еуропада нарық, ұлттық мемлекеттілік, демократиялық мінез-құлық үлгілерінің дәстүрлері үш-төрт онжылдыққа ғана үзілді. Содан да бұл өңір геосаяси күйреулерден кейін өзінің тарихи мәдени-өркениеттілік ареалына тез интеграцияланды. Орталық Азиядағы ахуал мүлдем басқаша.

Біріншіден, біз дәстүршіл қоғамнан осы заманғы, ырықтандырылған принципке негізделген қоғамға өтіп жатырмыз.

Біз үшін әрқилы мәдени тұғырнамалардың қақтығысына жол бермеу, қоғамдық санада адамдар үшін жаңа құндылықтар мен қатынастарды біртіндеп қалыптастыра отырып, ұлттық дәстүрлердің жаңғыртылған нұсқаларымен жарасты үйлесімін қамтамасыз ету айрықша маңызды.

Кейбір елдердің жуырдағы тарихынан сәтсіз мысалдар баршылық. Әдетте, қоғам қызметінің тетіктерін алмастыру жүріп, либерализм дәстүршілдікке қарсы қойылған жерлерде процесс не қоғамдық кері кетуге ұрынды, не оған бастамашы болған күштердің диктаторлық режимге айналуына соқтырды.

Екіншіден, біз өзіміздің ұлттық мемлекеттігіміздің ғимаратын тұрғызуды іс жүзінде тақыр жерден бастадық. Мемлекеттілік тарихы ғасырлар бойы үзіліп қалды, ал осы заманғы терминдер

мен ұғымдар тұрғысынан ол болған да жоқ. Еуропада берілген болмыс ретінде көрінетін нәрселерді бізге алға жылжу барысында аса ауыр экономикалық дағдарыс және әлеуметтік толқудың ұдайғы қатері жағдайында құрауға тура келді.

Үшіншіден, жоспарлы экономиканы нарықтық экономикаға, жалғыз партиялық саяси жүйені сан алуандылық жүйесіне өзгерту кезеңінен өту қажет еді»

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Парламенттік Ассамблеясы форумы 2003 жылы маусым айында Алматы қаласында өткен болатын. Бұл жиында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев жаңа жүзжылдықтағы қауіп-қатер мен дүрбелеңді дабылдардың шекаралар шеңберінен шығып кету сипаты өңірлік қауіпсіздікті тек жаһандық өлшеммен ғана өлшеуді талап ететіндігін атап өтіп, біріншіден, ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің географиялық аумағы көбіне Азияда орналасуы азиялық бағытты ұйымның маңызды бағытына айалдырады, екіншіден, қазіргі кезеңде Азияда адамзаттың жалпы санының жартысынан астамы өмір сүріп жатқандықтан, планетаның негізгі шикізат және демографиялық әлеуеті Азия елдерінде болғандықтан, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мән-маңызы барған сайын арта түсуде, үшіншіден, Азияның саяси, экономикалық әрі мәдени тұрғыдан біртекті болмай отырғандықтан, бұл өңірде қауіпсіздік институттарын құру қиын, ал әлеуметтік және саяси тұрақсыздық салдарынан жыл сайын Азияның жекелеген елдерінен Еуропаға ондаған мың заңсыз мигранттар өтуде деді. «Сонымен, жаһандық ауқымдағы қауіпсіздіктің, соның ішінде Еуропа континентіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің де көптеген мәселелерінің кілті Азия жерінде жасырылып жатыр,» – деп атап өтті (Назарбаев, 2003).

Батыс пен Шығыс арасындағы нақты байланыстарды реттеуде Орталық Азия республикалары елеулі маңызға ие болуда. Сондықтан да қауіпсіздіктің қалыптасып жатқан орталық-азиялық жүйесі әрбір бөлшегі өңірлік тепе-теңдік пен тұрақтылықты орнықтыруда және әртүрлі қатерлерлерден қорғауда белгілі бір рөл атқаратын көпқабатты сипат алып отыр. Сондай-ақ, екі ірі мемлекетпен, яғни Ресей және Қытаймен көрші болу әрі Ислам әлемінің қуатты мәдени ықпалында болу Орталық Азиядағы қауіпсіздік жүйесін таза өңірлік топты ғана қалыптастыру арқылы мүмкін емес. Бұл аймақтағы елдер Азия немесе Еуразиядағы күштер үйлесімділігіне ғана емес, жалпы әлемдік геосаяси теңгерімге де әсер ете алатын топты құрайды (Стратегическое планирование, 1999: 141).

Елбасы Н.Ә. Назарбаев және Үкімет басшыларының көршілес елдер басшыларымен дипломатиялық қарым-қатынастарды нығайту жолындағы бірқатар кездесулері мен келіссөздері, жасаған келісім-шарттары және оларды іске асыру мақсатындағы іс-шаралары да қомақты үлес қосқаны айқын. Қазіргі кезде өзара тығыз байланысты орнықты даму, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау проблемалары бүкіләлемдік өзекті мәселеге айналғаны белгілі. Қоғамдық құндылық ретінде экологиялық қауіпсіздік ерекше басымдыққа ие, «экологиялық қауіпсіздік кепілдіктері әскери, мемлекеттік және жеке қауіпсіздік кепілдіктерімен, адамның құқықтары мен бостандықтары кепілдіктерімен қатар тұруы тиіс» (Панарин, 1996: 108).

Соңғы жылдар ішінде болып өткен кездесулер барысында секторлардың әрі қарай жақсы бірігуі үшін, бағдарламаларды қоғамды қатыстыра отырып іске асыру үшін, экономикалық қызмет және тұрақты қаржыландыруды бірлесе атқару үшін Орталық Азияда болған құрылымдарды қайта құру мен реформалау қажеттілігі анықталды. Сонымен, қазіргі кезеңде қызмет атқарушы құрылымдарды бекітіп, аймақтық басқару механизмдерінің тиімдісін қалыптастыру Орталық Азия мемлекеттері ынтымақтастығындағы басты мәселе болып табылады.

**Қорытынды**

Бүгінгі таңда күрделеніп отырған сыртқы қатынастардың стратегиялық бағыттары мемлекетіміздің дамуы мен жалпы жаһандану талаптарына сай келуде. Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастары жаһандану және өңірлік интеграцияға негізделген және біздің бұл салада бағытымыз айқын. Бұл – ішкі және сыртқы саясатта орнықты дамуға қажетті негіз қалауға үлкен мүмкіндік болып табылады. Сондықтан көршілес елдермен бір кеңістікте тұрғандықтан оларды іске асыру жолдарын жан-жақты ойластырып, ортақ мәселелерді шешу мақсатында ортаазиялық республикалармен тығыз байланыс негізінде өзара серіктестік пен ықпалдастықты құрудың маңызы ерекше екені сөзсіз. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, саяси өмірінде шешуі қиын мәселелерге тап болып отырғандығына қарамастан, Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастық қатарында тең құқылы, құзырлы мемлекеттер санатына еніп, орнықты дамуға қатысты маңызды халықаралық құжаттарды ратификациялап, саяси стратегиясын әлемдік деңгейде жүзеге асырып даму қауіпсіздігіне қол жеткізуде. Қазақстан бастамасымен Орталық Азия мемлекеттерінің бұл бағыттағы бірлесе атқарып отырған іс-шаралары қомақты. Аймақтың тиімді геосаяси жағдайы экономикалық және ғылыми әлеуеті өңірдің экологиялық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығына қолайлы жағдайлар туғызып, мол мүмкіндік беріп отыр.

**Әдебиеттер мен деректер тізімі**

Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Алматы ақшамы, № 25 (3659), 2006 ж. 4 наурыз. – 9 бет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 ж., 28 ақпан. – [Электронды ресурс] – http://www.akorda.kz

ҚР экологиялық Тұжырымдамасы, 2003:3 желтоқсан Қазақстан Республикасы Президентінің N1241 Жарлығы Қазақстан Республикасының 2003 ж., N47, 523-құжат

ҚР Президенті Н.Ә Назарбаевтың 1998-2000 жылдарға арналған «Экология және табиғи ресурстар» стратегиялық жоспары. 28 қаңтар, 1998 ж. – [Электронды ресурс] – http://adilet.zan.kz5.

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Заң газеті. – 22 қазан, 1997.

НазарбаевН.Ә. 2006 ж., 17 маусым АӨСШК-нің Екінші саммитінде сөйлеген сөзі. – [Электронды ресурс] – http://www.akorda.kz

Назарбаев Н.А. Жаһандық ауқымдағы қауіпсіздік кілті Азия жерінде жасырылып жатыр // Егемен Қазақстан. – 2003. – 10 маусым.

Панарин А. Философия политики. – М.: Новая школа, 1996.– С. 108.

Стратегическое планирование / Под ред. Э.М. Уткина. – М.: Тандем; ЭКМОС, 1999. – С. 141.

Тангян С.А. Сущность глобализации и международные проблемы // Глобализация. Конфликт или диалог цивилизаций? – М.: Издательский дом «Новый век». Институт микроэкономики, 2002. – С. 101-109.

Тоқаев. Қ.К. Отандық дипломатияның он бес жылы // Егемен Қазақстан. – 16 желтоқсан, 2006 ж.

Энциклопедический словарь / Под ред. Г.В. Осипова. – М.: ИСПИ РАН, 1995. – 940 с.

**References**

Qazaqstan óz damuyndaģy zhaņa serpilis zhasau qarsaņynda. Qazaqstannyņ álemdegi básekege qabiletti 50 eldiņ qataryna kitu strategiasy. Qazaqstan Respublikasynyņ Prezidenti N.Á. Nazarbayevtyņ Qazaqstan halqyna zholdauy // Almaty aqshamy № 25 (3659), 2006 zh. 4 nayryz. 9 bet.

Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A.Nazarbaevtyn Qazaqstan halqyna Zholdauy. 2007 zhylғy 28 aqpan. – [Electron. resource] – http://www.akorda.kz

QR jekologijalyq Tuzhyrymdamasy, 2003:3 zheltoqsan Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin N1241 Zharlygy Qazaqstan Respublikasynyn 2003 zh., N47, 523-quzhat

QR Prezidenti N.A Nazarbaevtyn 1998-2000 zhyldarga arnalgan «Jekologija zhane tabigi resurstar» strategijalyқ zhospary. 28 қаңtar, 1998 zh. – [Electron. resource] – http://adilet.zan.kz.

Nazarbayev N.Á. Qazaqstan-2030. Barlyq qazaqstandyqtardyņ ósip-órkendeui, qauipsizdigi zháne ál-auqatynyņ artuy. El Prezidentiniņ Qazaqstan halqyna zholdauy // Zaņ gazeti. – 22 qazan, 1997.

Nazarbaev N.A. Qazaqstan-2030. Barlyq qazaqstandyqtardyn osip-qrkendeui, qauipsizdigi zhane al-auqatynyn artuy. El Prezidentiniң Qazaqstan halqyna zholdauy // Zan gazeti. – 22 qazan, 1997.

Nazarbaev N.A. AOSShK-nin Ekinshi sammitinde sojlegen sozi. 17 mausym, 2006 zh.[Electron. resource] – http://www.akorda.kz

Nazarbayev N.A. Zhakhandyq auqymdaģy qauipsizdik kilti Azia zherinde zhasyrylyp zhatyr // Egemen Qazaqstan. – 10 mausym, 2003.

Panarin A. Filosofiya politiki. – M.: Novaya shkola,1996. – s. 108.

Strategicheskoe planirovanie / Pod red. E.M Utkina. – M.: Tandem; EKMOS 1999. – S. 141.

Tanyagin S.A. Sucshnost' globalizaciy i mezhdunarodnye problemy // Globalizaciya. Konflikt ili dialog civilizacii? – M.: «Izdatel'skiy dom «Noviy vek". Institut mikroekonomiki, 2002. – S.101-109

Toqaev Q.K. Otandyq diplomatyanyņ on bes zhyly // Egemen Qazaqstan, 2006 zh., 16 zheltoqsan.

Enciklopedicheskii slovar' / Pod red. G.V. Osipova. – M.: ISPI RAN, 1995. – 940 s.

## МАЗМҰНЫ

**Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т., Кабдолдина К.К.**
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ САЯСАТЫ АЯСЫНДАҒЫ МЕТРОПОЛИЯ МЕН КОЛОНИЯНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ ……………5
**Абылхожин Ж.Б.**
ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖҰМЫС КҮШІ……………18
**Абылхожин Ж.Б., Крупко И.В.**
ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖАДТЫҢ ДИАЛЕКТИКАСЫ……………31
**Айтқазина М.М., Шамшиева Г.С.**
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ МҰРАСЫ ……………40
**Алгожаева Н.С., Шашаев Ә.А., Зикирбаева В.С.**
МҰРАЖАЙ ТОПТАМАЛАРЫНДАҒЫ ФОТОМАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ……………51
**Арепова А.Д.**
МАРАТ МҰҚАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРТА ЖҮЗ РУЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУ АЙМАҚТАРЫ……………62
**Ахметжанова А.Т.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХЫНАН……………71
**Әлімбаев Қ.С.**
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЭЛИТА МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ДІНИ ҰСТАНЫМДАРЫ (Ибн Рузбихан және Мұхаммед Әуез еңбектері бойынша)……………81
**Әминов Т.М.**
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАТ МАГИСТРАЛЬДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ (ТАРИХИ КӨЗҚАРАС)……………91
**Әміржанова Н.С.**
ЛАТЫН ӘЛІПБИЛІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМЫ: ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ (1929-40 жж. )……………112
**Әшім Б.Ә.**
ДОҢЫЗТАУДАҒЫ БЕСБАЙ ЖӘНЕ ИЗЕНАҒАШ ДІНИ-ТҰРҒЫН КЕШЕНДЕРІНІҢ МЕШІТТЕРІ……………126
**Джолдыбаева У.М., Қозыбақова Ф.А.**
ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ……………134
**Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Кулмесканова С.С.**
ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ……………146
**Жұматов Д.С.**
ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КӨШІРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЗАРДАПТАРЫ……………161
**Закарья Р.**
1920-1930 ЖЖ. ШЕТЕЛДІК САЯСИ ЖӘНЕ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ САЯСАТЫ ……………169
**Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С.**
XVIII ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙ ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАДАМДАРЫ ……………177
**Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С.**
XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ……………191
**Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С.**
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ……………202
**Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С.**
КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. бас. Солт. Қазақстан өңірі мысалында)……………216
**Ибраева А.Ғ., Темирханова А.С.**
ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК ӨҢІРІН ЗЕТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ……………233
**Иембекова М.О., Божеева Б.З.**
ҚАЗАҚСТАН-ӘЗЕРБАЙЖАН: ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ……………244
**Кабдушев Б.Ж., Құдайбергенұлы Б.**
ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖЫЛДАРЫНДА ЖӘНЕ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ (1924-29 жж.)……………258

**Кәрібаев Б.Б., Нұртазина Н.Д.**
ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде)......274
**Қалыбекова М.Ч.**
ЖАЗАЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР: ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ХАЛЫҚТАРДЫ ДЕПОРТАЦИЯЛАУ ТАРИХЫНАН……….....295
**Қанағатова Н.**
ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КОНТЕКСІ……….....312
**Қасенова А.Д., Құрманқұлов Ж., Сүйіндікова М.Қ., Утубаев Ж.Р.**
ҮҢІРЕК ҒИБАДАТХАНАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ…......327
**Құдайбергенұлы Б., Кабдушев Б.Ж., Қозыбаева М.М.**
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ.........337
**Құрманалиева А.Д., Хумархан Ж.**
ӘЛЕУМЕТТІК ТОП ҰҒЫМЫ АЯСЫНДА ДІНИ ЖАМАҒАТТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МӘСЕЛЕСІ…......352
**Мұқаметханұлы Н., Бейсенбаев О.**
COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА «БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» ИНИЦИАТИВАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ СЫН-ҚАТЕРІ ……......368
**Мұхатова О.**
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫНЫҢ ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (1992-2019 жж.)……......378
**Өмірбекова Ж.**
ЕУРАЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ ……......390
**Садвокасова З.Т., Мухатова О.Х.**
XIX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ (ресейлік мерзімді баспасөз материалдары бойынша)......402
**Сарыбаев М., Диканбаева А.**
ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ САЛАСЫ…......411
**Султангазы Г.Ж., Мукатаева Л.К.**
ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ: ҚАҺАРМАНДАР МЕН ІШКІ МӘНДЕРДІ ІЗДЕУ……......420
**Толамисов А.Ғ., Айдынбекұлы А.**
ПАТРИОТИЗМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ……......429
**Тоқтабай А.У.**
ҒҰНДАРДЫҢ АТТЫ ӘСКЕРЛЕРІ……......439
**Тоқтабай А.У.**
ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ КӘСІПҚОЙ ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ БІРІ ҚҰСАЙЫН ТӘКЕЖАНҰЛЫ…......452
**Тоқтабай А.У., Карамендина М.Ө.**
ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МАЛ ПІРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҒҰРЫПТЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР (ЗЕҢГІ БАБА, ШОПАН АТА МАЗАРЛАРЫ)......460
**Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.**
ҚАЗАҚ ДВОРЯНДЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ……......472
**Уалтаева А.С., Бидахметова Ш.Б.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭТНОСАРАЛЫҚ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ МЕХАНИЗМДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ ……......483
**Уалтаева А.С., Пернекулова М.**
ЭТНОСАРАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІКТІ НЫҒАЙТУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ РӨЛІ...…….492
**Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.**
ӨТКЕН ҒАЛАМДЫҚ ПАНДЕМИЯҒА ШОЛУ: ИНФЕКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ҮДЕРІСТІҢ ЖАЛПЫ БАРЫСЫ ……......502
**Уралбаева Ж.**
Г.А. КУШАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ (Г.А. Кушаевтың 95 жылдығына арналған)……......515

**Шалғынбай Ж.**
КЕҢЕС ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІҚАЗАҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСЫЛЫМДАРЫ………..........................................…..…523
**Шалекенов М.У.**
ОРТАҒАСЫРДАҒЫ БАЛАСАҒҰН ЭТИМОЛОГИЯСЫ…...................................………...……..................................536
**Шапиева Г.**
ҚЫТАЙДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XX ғ. аяғы – XXI ғ. басы)……………….…..548
**Шаяхметов Н.У., Байшов Б.Б., Четин Нур**
КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАУ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ………….........560
**Шілдебай С.Қ.**
ҚАЗАҚ АКСР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН……………………..........……583

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдилдабекова А.М., Телеуова Э.Т., Кабдолдина К.К.**
ВЗАИМООТНОШЕНИЯ МЕТРОПОЛИИ И КОЛОНИИ В КОНТЕКСТЕ ПОЛИТИКИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ……….........................................………..…............................................................................……5
**Абылхожин Ж.Б.**
РАБОЧАЯ СИЛА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ………......................................…..................................................………..……..18
**Абылхожин Ж.Б., Крупко И.В.**
ДИАЛЕКТИКА ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В ЭПОХУ АРХЕОМОДЕРНА...………..…….....................................31
**Айтказина М.М., Шамшиева Г.С.**
ВОЕННОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕТЕРАНОВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ ................................…………..…..…40
**Алгожаева Н.С., Шашаев А.К., Зикирбаева В.С.**
ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКАЯ ЗНАЧЕНИЕ ФОТОМАТЕРИАЛОВ В КОЛЛЕКЦИЯХ МУЗЕЕВ……….....................…51
**Арепова А.Д.**
ТЕРРИТОРИЯ РАССЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕН И РОДОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА В ТРУДАХ М.МУКАНОВА ……….............62
**Ахметжанова А.Т.**
ИЗ ИСТОРИИ ЖЕНСКОГО ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ……………………………….……………………....71
**Алимбаев К.С.**
РЕЛИГИОЗНЫЕ ВОЗЗРЕНИЯ ЭЛИТЫ И МАССЫ КОЧЕВНИКОВ К ЭПОХУ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (по трудам Ибн Рузбихана и Мухаммада Аваза)……………………………..……………………………………..……....81
**Аминов Т.М.**
ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СТАЛЬНЫХ МАГИСТРАЛЕЙ КАЗАХСТАНА (ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)……………………………………..……………………….……...……..91
**Амиржанова Н.С.**
ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ: НАПИСАНИЕ ИНОЯЗЫЧНЫХ СЛОВ (1929-1940 гг.)…………………………………………………….……………112
**Ашим Б.А.**
МЕЧЕТИ КУЛЬТОВО-ЖИЛИЩНЫХ КОМПЛЕКСОВ БЕСБАЙ И ИЗЕНАГАШ В ДОНЫЗТАУ ……….............….126
**Джолдыбаева У.М., Козыбакова Ф.А.**
ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ…………………….…………………………….………...……………..…..134
**Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Кулмесканова С.С.**
КАЗАХСКО-РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ВО ВРЕМЕНА ПРАВЛЕНИЯ ТАУЕКЕЛ ХАНА……………………………………………………….…………………………………..146
**Жуматов Д.С.**
ВВЕДЕНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО: ПРОБЛЕМЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ……….………161
**Закарья Р.**
ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА ПО ОТНОШЕНИЮ К ИНОСТРАННЫМ ПОЛИТИЧЕСКИМ И ТРУДОВЫМ МИГРАНТАМВ ПЕРИОД 1920–1930 гг.………………………………………………………...….169
**Ибраева А.Г., Темирханова А.С.**
ПОЛИТИКО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ШАГИ РОССИЙСКОЙ ВЛАСТИ В СЕВЕРНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В XVIII ВЕКЕ (на основе материалов по истории г. Петропавловска)……………………….…..……..177
**Ибраева А.Г., Темирханова А.С.**
СОЦИАЛЬНО-ЭТНИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ГОРОДА ПЕТРОПАВЛОВСКА В XIX ВЕКЕ.……….....................…191
**Ибраева А.Г.,Темирханова А.С.**
СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН В НАЧАЛЕ XX ВЕКА……………….…………………………………………….202
**Ибраева А.Г., Темирханова А.С.**
АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ КАЗАХСТАНА В СИСТЕМЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (на примере Северного региона Казахстана в начале XX века)…………………………...…216
**Ибраева Г., Темирханова А.С.**
ВОПРОСЫ ИСТОРИОГРАФИИ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА……………………………………..........233
**Иембекова М.О., Бюжеева Б.З.**
КАЗАХСТАН-АЗЕРБАЙДЖАН: ПОТЕНЦИАЛ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ВЗАИМНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА .............................................................................................................…244
**Кабдушев Б.Ж., Құдайбергенұлы Б.**
Н. НУРМАКОВ И ВОССТАНОВЛЕНИЕ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА В 1924-1929 гг.………..........…258

**Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д.**
ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА (на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов)……………………….……………………………...………………...274
**Калыбекова М.Ч.**
НАКАЗАННЫЕ НАРОДЫ: ИЗ ИСТОРИИ ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН……….............................…295
**Канагатова Н.**
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ ТЕКСТОВ НАРОДНЫХ И СОВРЕМЕННЫХ БЫТОВЫХ-ОБРЯДОВЫХ ПЕСЕН …….............................………..….............................…312
**Касенова А.Д., Курманкулов Ж., Суюндикова М.К., Утубаев Ж.Р.**
ПЕРВОНАЧАЛЬНЫЕ ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ РАБОТ НА СВЯТИЛИЩЕ УНИРЕК ………………….........327
**Құдайбергенұлы Б., Кабдушев Б. Ж., Козыбаева М.М.**
ГОРОД ПАВЛОДАР В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ………...................................….........…337
**Курманалиева А.Д., Хумархан Ж.**
ПРОБЛЕМА ВОЗНИКНОВЕНИЯ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЩИН В КОНЦЕПЦИИ СОЦИАЛЬНЫХ ГРУПП……..…...352
**Мукаметханулы Н., Бейсенбаев О.**
ВЫЗОВЫ В РЕАЛИЗАЦИИ ИНИЦИАТИВЫ «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ COVID-19……………………………………………………………………….368
**Мухатова О.**
ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ПОСТСОВЕТСКИЙ ПЕРИОД (1992-2019 гг.)………......................................................…378
**Омирбекова Ж.**
ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНОЭКОЛОГИЧЕСКИХ ТРАДИЦИЙ КОЧЕВНИКОВ ЕВРАЗИИ (по материалам российских исследователей XVIII в.)………......................................…390
**Садвокасова З.Т., Мухатова О.Х.**
ПРЕДВОДИТЕЛИ НАРОДНЫХ ВОССТАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ XIX ВЕКА…………………..............................…402
**Сарыбаев М., Диканбаева А.**
КАЗАХСТАНСКО-ФРАНЦУЗСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ ………………………………………….……………..............411
**Султангазы Г.Ж., Мукатаева Л.К.**
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА: ПОИСКИ ГЕРОЕВ И СМЫСЛОВ ……………………………………………………………………………………………...420
**Толамисов А. Г., Айдынбекулы А.**
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ ПАТРИОТИЗМА ………………………………………………....429
**Токтабай А.У.**
КОННИЦА ГУННОВ……………………………....………………………….……………………..….....439
**Токтабай А.У.**
ОДИН ИЗ ПЕРВЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАЗАХСКИХ ЭТНОГРАФОВ К. ТАКЕЖАНУЛЫ……………………………………………………………………...452
**Токтабай А.У., Карамендина М.О.**
КУЛЬТОВЫЕ ПАМЯТНИКИ ТАШКЕНТА, СВЯЗАННЫЕ С ПОКРОВИТЕЛЯМИ ЖИВОТНЫХ……………......460
**Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.**
ИССЛЕДОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ДВОРЯНСТВА: О СОЦИАЛЬНОМ ПРЕОБРАЗОВАНИИ СТЕПИ В 19 ВЕКЕ ..............................................................................................................………..……472
**Уатаева А.С., Бидахметова Ш.Б.**
ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ МЕХАНИЗМОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ………...........................……….….............................................…483
**Уалтаева А.С., Пернекулова М.**
РОЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА В УКРЕПЛЕНИИ МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ…...492
**Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.**
ОБЗОР ПРОШЛЫХ МИРОВЫХ ПАНДЕМИЙ: ИНФЕКЦИИ И ОБЩИЙ ХОД ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА……………………...…………...……………………………………………502
**Уралбаева Ж.**
Г.А. КУШАЕВ В АРХЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА (к 95-летию Г. А. Кушаева)....…….............................….…….515
**Шалгынбай Ж.**
КАЗАХСКАЯ ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ЛИТЕРАТУРА В ИЗДАНИЯХ ДОСОВЕТСКОГО ПЕРИОДА……….......…523

**Шалекенов М.У.**
ЭТИМОЛОГИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО БАЛАСАГУНА……………………………………………………………536
**Шапиева Г.**
ОСОБЕННОСТИ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В КИТАЕ (конец XX – начало XXI вв.)……………………548
**Шаяхметов Н.У., Байшов Б.Б., Четин Нур**
ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРАВОВОГО СТАТУСА КАСПИЙСКОГО МОРЯ:
ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ ……………………………………………………………………………560
**Шилдебай С.К.**
ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В КАЗАХСКОЙ АССР ………………583

## CONTENTS

**Abdildabekova A.M., Teleuova E.T., Kabdoldina К.К.**
RELATIONS BETWEEN THE MOTHER COUNTRY AND THE COLONY IN THE CONTEXT
OF THE POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE ……….......................................……….............................................5
**Abylkhozhin Zh.B.**
LABOR FORCE OF THE INDUSTRIALIZATION....................................................……………….................................18
**Abylkhozhin Zh.B., Krupko I.V.**
DIALECTICS OF HISTORICAL MEMORY IN THE AGE OF ARCHAEOMODERN..........…..........................................31
**Aytkazina M.M., Shamshieva G.S.**
MILITARY HERITAGE OF THE GREAT PATRIOTIC WAR VETERANS....................….............................................40
**Algojaeva N.S., Shashaev A.K., Zikirbaeva V.S.**
SOURCE OF PHOTOGRAPHY IN MUSEUM COLLECTIONS …………………...............................................................51
**Arepova A.D.**
TERRITORY OF DISTRIBUTION OF MIDDLE ZHUZ’SNOMADIC TRIBES
IN THE WORKS OF M. MUKANOV..............................................................................................................................62
**Ahmetzhanova A.T.**
FROM THE HISTORY OF THE WOMEN'S MOVEMENT IN KAZAKHSTAN.................................................................71
**Alimbayev K.C.**
RELIGIOUS VIEWS OF THE ELITE AND THE MASS OF NOMADS IN THE ERA OF THE
KAZAKH KHANATE (based on the works of Ibn Ruzbihan and Muhammad Avaz)………………..............……………..81
**Aminov T.M.**
MAIN STAGES OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN’S
RAILWAY MAIN LINES (HISTORICAL ASPECT)..…......................................................................................................91
**Amirzhanova N.S.**
HISTORY OF KAZAKH WRITING BASED ON THE LATIN ALPHABET: THE WRITING
OF FOREIGN WORDS (1929-1940s)……………...........................................................………..........……..…..…………...112
**Ashim B.A.**
MOSQUES OF BESBAY AND IZENAGASH RELIGIOUS-RESIDENTIAL COMPLEXESIN DONYZTAU................126
**Dzholdybaeva U.M., Kozybakova F.A.**
ENVIRONMENTAL COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND  CENTRAL ASIA
COUNTRIES IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION ……………………….…………………….....…..........…………134
**Zhappasov Zh.E., Tasylova N.A.,  Kylmeskanova S.S.**
KAZAKH-RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS DURING THE REIGN
OF TAUKEL KHAN………………………………………………….........................................…………………..146
**Zhumatov D.S.**
INTEGRATION OF THE KAZAKH LANGUAGE IN OFFICE WORK:
PROBLEMS AND CONSEQUENCES………………..….............................................................................................161
**Zakarya R.**
POLICY OF THE SOVIET UNION REGARDING FOREIGN POLITICAL AND LABOR MIGRANTS
IN THE PERIOD OF 1920-1930……….........................................….............................................................……169
**Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S.**
POLITICAL AND ECONOMIC STEPS OF THE RUSSIAN GOVERNMENT IN THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN XVIIICENTURY (Based on the materials of Petropavlovsk history).........................................................177
**Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S.**
SOCIO-ETHNIC SITUATION OF THE CITY OF PETROPAVLOVSK IN THE XIX CENTURY…………………........…191
**Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S.**
NORTH KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY……….............….........................................202
**Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S.**
ADMINISTRATIVE AND TERRITORIAL ISSUES OF KAZAKHSTAN IN THE SOVIET SYSTEM
(on the example of the Northern region of Kazakhstan in the early twentieth century)……………………………................216
**Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S.**
HISTORICAL ISSUES OF RESEARCH OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN ……………...………....233
**Iyembekova M.O., Buzheeva B.Z.**
KAZAKHSTAN-AZERBAIJAN: POTENTIAL AND CURRENT STATEOF MUTUAL COOPERATION……………..244

**Kabdushev B.Zh., Kudaibergenuly B.**
N. NURMAKOV AND RESTORATION OF KAZAKHSTANI INDUSTRY IN 1924-1929……………………...……..258
**Karibayev B.B., Nurtazina N.D.**
HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives
and genealogical myths of Kazakhs)…..............................……………...........................................................……274
**Kalybekova M.Ch.**
PUNISHED PEOPLES: FROM THE HISTORY OF DEPORTATION OF PEOPLES IN KAZAKHSTAN…………...…295
**Канагтова N.**
HISTORICAL AND CULTURAL CONTEXT OF TEXTS OF FOLK AND MODERN
HOUSEHOLD-RITUAL SONGS..........................................................................................................................312
**Kasenova A.D., Kurmankulov Zh., SuyundikovaM.K., UtubayevZh.R.**
INITIAL RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL WORK IN THE SANCTUARY OF UNIREK …....................................327
**Kudaibergenuly B., Kabdushev B.Z., Kozybayeva M.M.**
PAVLODAR IN THE YEARS OF THE GREAT PATRIOTIC WA …………..................…...…...................................…337
**Kurmanaliyeva A.D., Khumarkhan Zh.**
THE PROBLEM OF THE ESTABLISHMENT OF RELIGIOUS COMMUNITIES IN THE CONTEXT
OF THE CONCEPT OF SOCIAL GROUPS……………….........................................................................................…352
**Mukametkhanuly N., Beisenbayev O.**
CHALLENGES IN THE IMPLEMENTING OF «ONE BELT, ONE ROAD»
INITIATIVE IN THE CONTEXT OF THE COVID-19 PANDEMIC ………...................…………………………....…368
**Mukhatova O.**
STUDY OF THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN THE KAZAKH STEP
IN THE POST-SOVIET PERIOD (1992-2019)…………………………………......…...………….....................................378
**Omirbekova Zh.**
BASES OF FORMATION OF ETHNO-ECOLOGICAL TRADITIONS OF NOMADS OF EURASIA
(based on materials from Russian researchers of the eighteenth century)……………………………………………..........390
**Sadvokasova Z.T., Muhatova O.Kh.**
THE LEADERS OF THE POPULAR UPRISINGS IN KAZAKHSTAN OF THE XIX CENTURY
(based on the materials of the Russian periodical press)...............................................................................................402
**Sarybayev M., Dikanbayeva A.**
KAZAKH - FRENCH RELATIONS IN THE FIELD OF CULTURE AND EDUCATION AT THE PRESENT STAGE...411
**Sultangazy G.Zh., Mukataeva L.K.**
HISTORICAL MEMORY IN THE CONDITIONS OF MODERN KAZAKHSTAN:
SEARCH FOR HEROES AND MEANINGS…………………………………………………………………...….……..420
**TolamissovA.G., Aidynbekuly A.**
THEORETICAL ASPECTS OF THE PROBLEM OF PATRIOTISM…………….........................................................……429
**Toktabay A.U.**
CAVALRY OF THE HUNS…………………..........................................................................................………………439
**Toktabay A.U.**
ONE OF THE FIRST PROFESSIONAL KAZAKH ETHNOGRAPHERS K. TAKEZHANULY……….…......................452
**Toktabay A.U., Karamendina M.O.**
THE CULT MONUMENTS OF TASHKENT, ASSOCIATED WITH PROTECTORS OF ANIMALS
(SHRINES ZENGI BABA, SHOPAN ATA)...........................................…………….............................................……460
**Tuleshova U., Galimov Y.**
RESEARCHING THE KAZAKH NOBILITY: ABOUT SOCIAL CHANGES IN THE
19TH CENTURY STEPPE…………………..............………...........................................................................................472
**Ualtayeva A.S., Bidakhmetova Sh.B.**
WAYS TO IMPROVE INSTITUTIONAL INTERETHNIC MECHANISMS IN THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN…………………..................................................................…........................................................483
**Ualtayeva A.S., Pernekulova M.**
STRENGTHENING INTERETHNIC TOLERANCE ……………...........................................................................…492
**Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.**
OVERVIEW OF THE PAST GLOBAL PANDEMICS: INFECTIONS AND THE OVERALL COURSE
OF THE HISTORICAL PROCESS……....................................................................................................………………...502

**Uralbayeva Zh.**
G.A. KUSHAEV IN ARCHEOLOGICAL SCIENCE OF KAZAKHSTAN (to G. A. Kushayev's 95 year)………...……....515
**Shalgynbay J.**
KAZAKH ART LITERATURE IN PUBLIC PUBLICATIONS ………………...................................................................…523
**Shalekenov M.U.**
ETHYMOLOGY OF THE MEDIEVAL BALASAGUN ……………….............................…...............................................536
**Shapiyeva G.**
FEATURES OF MIGRATION PROCESSES IN CHINA (late XX–early XXIcenturies)………...............................……...548
**Shayakhmetov N., Baishov B., Çetin Nur**
DETERMINATION OF THE LEGAL STATUS OF THE CASPIAN SEA:
HISTORY AND MODERNITY ………………………………………..............................................................................560
**Shildebay S.**
FROM THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE HEALTHCARE
SYSTEM IN THE KAZAKH ASSR.…………………………………..................................................................................583

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2020. 2(22)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2020.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй